

Құрметті магистранттар!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ведомствоаралық комиссияның шешімі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстары негізінде «Тұран» университеті 2020-2021 оқу жылының 2 семестріндегі оқу процесі келесі форматта ұйымдастырады:

Ғылыми және педагогикалық бағыттағы 1-ші курс магистранттары үшін 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде оқудың барлық бағыттары бойынша оқу процесін ұйымдастыру аралас оқыту форматында болады (онлайн, санитарлық шараларды және 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаған жағдайда – күндізгі форматта).

Университет кампусының аудиторияларындағы сабақтар академиялық күнтізбеге сәйкес **2021 жылғы 08 ақпаннан** басталады.

Оқу процесі **университет кампусында** санитариялық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі - СЭР) сақтай отырып ұйымдастырылады:

- ✓ Дезинфекциялық туннель арқылы өту;
- ✓ Кіре берісте температураны өлшеу;
- ✓ Әлеуметтік қашықтықты сақтау;
- ✓ Аудиториялар мен қызметтік бөлмелерді тұрақты кварцтеу;
- ✓ Маска режимін қамтамасыз ету және т.б.

Сабақ кестесі корпоративтік сайтта орналастырылады және **2021 жылғы 30 қаңтардан** кешіктірмей эдвайзерлер корпоративтік пошталарыңызға жібереді.

Қалған магистранттар үшін академиялық саясат пен академиялық күнтізбе негізінде қашықтықтан және аралас оқыту форматтарында оқу жалғастырылады және ҒЗЖ орындау, олардың жеке жоспарларына сәйкес қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін жағдай жасалынады.

Назар аударыңыз, оқу процесі еліміздегі және Алматы қаласындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға тікелей байланысты.

«Тұран» университеті сізді академиялық процестегі барлық өзгерістер туралы хабардар ететін болады.